

ХАЛЫҚ САНДУҒАШЫ



Халқымыздың аяулы қызы, аса дарынды әншісі Күләш Байсейітованың есімі бәрімізге қадірлі, ыстық. Оның қазақ совет мәдениетінің тарихындағы орны өзгеше, сол секілді халық жүрегінде есімі де мәңгі сақталған.

Күләш алғаш рет театр сахнасына шыққанда республика мәдениеті енді-енді ғана аяқтана бастаған еді де, опера, балет секілді өнер саласы қазақ топырағында тұңғыш рет пайда болған-ды. Жаратылысынан әнші болып туған Күләш міне, сол мәдениетті аяғынан тік қоюға белсене қатысты.

Кешегі өткен заманның құрсаулы бұғауын бұзған Октябрь таңы халықтардың тұңғық түбінде жатқан бар асылын «тереңнің бетіне»

шығарса, соның бірі болып, яғни терең өзендегі тұңғық гүліндей болып Күләш шықты.

Күләш алғаш сахнаға келген күннен бастап, тек қана эстрада әншісі дәрежесінде қалмай, әрі драма театрының артисі, әрі опера солисі болып өсе бастады. Оқыды, үйренді, талаптанды, өзі де өсті, өзгені де өсірді. Кейін Ленинград консерваториясын бітірген талантты композитор Евгений Брусиловский Қазақстанға келіп, қазақ халқының әндерінің негізінде тұңғыш рет «Қыз Жібек» операсын жазғанда – Күләш та соның басты партиясын орындайтын тұңғыш артистка болды. Операның негізгі өзегіне алынған Ыбырайдың «Гәккуі», Мұхиттың «Дүние-ай» әндері шын мәнісінде халыққа Күләш арқылы, соның есімімен байланысты тарады десек артық емес.

Күләштің табиғи даусы дүниежүзінің әйгілі әншілерінің ешқайсысынан кем болмады. Кейінірек көркемөнеріміз өсіп, опера театры орыс және дүниежүзі композиторларының шығармаларын қойғанда, Күләш өнері сол талаптан асып түспесе, кем түскен жоқ.

Біз Күләштің нағыз өнерпаздық жолы «Қыз Жібектен» басталды дейміз. Е. Брусиловскийдің кейінгі алты операсында да ол басты бейнелерді ойнады. Әсіресе, Күләш өнерінің жан-жақты дамуына мына бір жай себеп болды: Күләш үнемі бір сарынды бейнелерді ойнай беруге келіспейтін еді. Ол өзі ойнайтын геройдың неғұрлым әр алуан, дүниетанымы әртүрлі, әр характер адамы болуын, оның интеллектік айырымы айқын болуын талап ететін. Ол сондықтан да өзі қызметтес болған жазушы, композиторларға да сөзін өткізетін. Күләштің әртүрлі бейнелерді ойдағыдай шығаруына бір дәлел келтірейік.

Мәселен, «Қыз Жібектегі» Жібек – аса нәзік жанның, адал, ақ махаббаттың адамы. Ол өз сөзіне берік, сүйгені үшін жас өмірін де аямайды. Күләш өз геройын осындай пәк жан, асыл ару етіп көрсетумен қатар, екіталай күн болса, сүйген жары үшін өлімге де баратын қайратын көрсетеді. Бірақ қатал заманның қыспағы талайдың үмітін үзген еді. Жібек солардың бірі болатын. Күләш Жібек өміріндегі осы трагедияны барынша кең ашады. Енді «Ер Тарғындағы» Ақжүніс – бұған мүлдем қарама-қарсы бейне. Ол – сұлу, бірақ тырнағын бүккен тағы сұлу. Ол үшін Тарғын секілді батыр ел қорғаны емес – құшып-сүйетін жар ғана. Батыр басына күн туып, мертліккенде Ақжүніс оны соқыр тиын құрлы көрмей, елсіз далаға тастап жүре береді. Бұл Күләш бойындағы жібектей есілген қасиетке мүлдем қайшы болса да, бірақ кезінде «Ер Тарғын» операсын тыңдаған жұрттың Күләш өнеріне қапы сүйсінгені, артистка бойындағы жан-жақты дарынға разы болғаны мәлім.

Тыңдаушының көңіліне мықтап сақталған бейненің бірі – Татьяна Ларина. Қазақ даласына тұңғыш рет Абай арқылы таныс болған осы бір нәзік жанды орыс қызы, Баян мен Жібек, Ақтоқты мен Сара секілді біртума болып кетеді де, Пушкин геройы барша қазақ қыздарының мұңдасына, сырласына айналған-ды. Енді, қазақ сахнасына келіп сол Татьяна шыққанда жұртшылық ескі танысымен жолыққандай болды. Орыс қызының жан тебіренісінде, зармен өткен өмірінде қазақ қызына тән аса мол қасиеттер болушы еді. Оны Күләш әдемі ашты.

Сахнамызға «Евгений Онегиннің» қойылуы қазақ совет опера өнерінің тарихында үлкен оқиға болды десек, Күләш творчествосында да зор бел, қия болды.

Халық сандуғашының бұдан басқа да ондаған рөлдері бар. Олардың бәрі өте сәтті шыққан, тыңдаушының жүрегіне жол тапқан ойындар.

Бұл жерде, әрине, Күләштің өсуіне себепкер болған, онымен бірге өздері де өскен, республикамыздың бір топ өнер қайраткерлерінің есімін атап өткен орынды. Олар: Қалибек Қуанышбаев, Құрманбек Жандарбеков, Қанабек Байсейітов пен Ахмет Жұбанов және Евгений Брусиловский секілді өнер тарландары.

Күләш аса еңбек сүйгіш еді. Оны ол Москва қаласында өткізілген қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндіктерінде немесе театр қабырғасында жұмыс істеген шақтарында көрсетті. Совет халқы дарынды әншінің еңбегін жоғары бағалады. Оған СССР халық артисі деген атақ берді және екі рет жоғары сыйлықтың лауреаты болды. Күләш үкімет мүшесі, халықтың қалаулы депутаты еді.

Халық сандуғашының өнерін шетел өнер қайраткерлері де жоғары бағалады. Мәселен, Алматы қаласында қонақта болған Италия делегациясының мүшесі Марио Берлингер ол туралы былай деп жазды:

«Ал Байсейітова ханымды алыңызшы. Біз оның «Біржан – Сара» операсында салған әнін естідік. Бұл – атақты артистка. Осы бір көркем де жоғары мәдениетті әйел өзінің балалық шағын еске түсіре келіп, Қазақстанда театр дегенді ешкімнің көрмегенін, Верди мен Мусоргскийдің есімдерін ешкім естімеген кезін айтты... Ол өз халқының композиторы жазған үлкен ұлттық операда өнер көрсетумен келеді».

Күләш туысқан халықтар мәдениетінің өзара тығыз байланыста болуына атсалысты. Ол Чайковскийдің «Евгений Онегин», грузин композиторы Палиашвилидің «Даиси», татар композиторы Жигановтың «Алтыншаш» операларының қазақ сахнасында қойылуына себепкер болды. Күләш туысқан қырғыз операсының әншілерін тәрбиелеуге де көп көңіл бөліп еді.

Сол Күләш қазір елуге толып отыр. Творчестволық жолы жемісті болған әншінің мүшелі күнін бүкіл республикамыз құрметпен атап өтуде. Өзі тым мезгілсіз дүние салса да (қырық төрт жасында жүрек ауруынан қайтты) оның артына қалдырған мұрасы өте көп. Ол – Күләштің ісі, салған әні.

Сол себепті де біз сөз соңын Күләшқа берілген мыңдаған бағаның бірімен, яғни профессор Ахмет Жұбановтың сөзімен аяқтағымыз келеді.

«Тума талант, дарынды актриса Күләш театр сахнасына шыққан кезден бастап-ақ Қазақстан жұртшылығының сүйіспеншілігіне ие болса, келе-келе бүкіл Одақ жұртшылығының құрметіне бөленді. Драма мен операда бірдей күшті талант иесі болған Күләштің қазақ сахнасындағы орны бөлек, шоқтығы биік еді. Күләштің ойынындағы қандай рөл болса да құлпырып кететін-ді. Айман, Шұға, Жібек, Ақжүніс, Нергиз, Маро, Ажар, Баттерфляй, Татьяна, Сара және тағы басқа рөлдерді орындаған кездерінде Күләш тек қазақ опера өнерінің алыбы ғана емес, сонымен қатар дүниежүзілік бүкіл прогресшіл опера қайраткерлерімен терезесі тең жатқанын көрсетті».

Күләш Байсейітова / Құраст. Аклима Омарова. – Алматы: «Өнер», 2012. – 97-100 б. (қазақша, орысша)